

7.2. Сауықтыру - шынықтыру шаралары

Жыл мезгілдері	Айы	Топтар	Тақырыбы	Жауаптылар
Күз	Қыркүйек	Барлық топтар	Салауатты өмір салтына байланысты топтарда жылжымалы папкалар мен бұрыштар әзірлеу.	Тәрбиешілер
	Қазан	Ортаңғы топтар	Шынықтыру-сауықтыру ойын сауығы «Күзгі ойындар»	Дене тәр.жет. Тәрбиешілер
	Қараша	Ересек тобы	«Денсаулықты сақтаймыз, өзімізді баптаймыз» атты спорттық мереке	Дене тәр.жет. Тәрбиешілер
Қыс	Қаңтар	Мектепалды даярлық топтар	«Қыс қызықтары» атты спорттық мереке	Дене тәр.жет. Тәрбиешілер
	Ақпан	Мектепалды даярлық топтар	Дене тәрбиесінен денсаулық сақтаудың озық үлгілерімен байланыстыра отырып ашық оқу қызметін өткізу.	Дене тәр.жет.
Көктем	Наурыз	Барлық топтарда	«Ұлттық ойындар» атты ойын-сауық кеші	Дене тәр.жет. Тәрбиешілер
	Сәуір	Ортаңғы қазақ топтары	Әуенді-дене шынықтыру ойын-сауығы «Денің сау болсын десең?»	Дене тәр.жет. Тәрбиешілер
	Мамыр	Ортаңғы орыс тобы	«Көңілді достар ойнайды» атты ойын-сауық кеші	Дене тәр.жет. Тәрбиешілер

7.2. План-график физкультурно-оздоровительных мероприятий

Время года	Месяц	Группы	Темы	Ответственные
Осень	Сентябрь	Все группы	Оформить в группах уголки, папки-передвижки по ЗОЖ	Физ.рук. Воспитатели
	Октябрь	Средние группы	Физкультурно-оздоровительное развлечение «Осенние олимпиады»	Физ.рук. Воспитатели
	Ноябрь	Старшие группы	Спортивный праздник «Я здоровье берегу, сам себе я помогу»	Физ.рук. Воспитатели
Зима	Январь	Подг. группы	Спортивный праздник «Зимние забавы»	Физ.рук. Воспитатели
	Февраль	Подг. группы	Открытое занятие по физкультуре с элементами здоровьесберегающих технологий	Физ.рук.
Весна	Март	Все группы	Развлечение «Народные игры»	Физ.рук. Воспитатели
	Апрель	Средние каз. группы	Музыкально-физкультурное развлечение «Если хочешь быть здоров»	Физ.рук. Воспитатели
	Май	Средняя рус. группа	Развлечение «Дружно, весело играй»	Физ.рук. Воспитатели

МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

*«Күн, ау, су, біздің досымыз»
«Күнішуақ» ересек тобы*

Тәрбиешілер: Шуюншалиева Н.А

Ақтөбе-2025 жыл

Тақырыбы: Күн мен ауа, су – біздің досымыз

Мақсаты:

Балаларға күннің, ауаның, судың маңызын түсіндіру;

Табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту;

Экологиялық тәрбие беру, табиғатты аялауға тәрбиелеу;

Сөйлеу тілін, логикалық ойлауын дамыту.

Көрнекіліктер:

Күн, бұлт, су, ауа туралы суреттер;

Ыдыста су;

Сүртетін шүберек;

Сабын, стакан, қасық, доп;

Экран/презентация (егер бар болса);

Аудиожазба – табиғат дыбыстары.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі

Шаттық шеңбері:

Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне қарап:

> Қайырлы таң, күн нұры!

Қайырлы таң, жер – суы!

Қайырлы таң, достарым,

Сәтті болсын күніміз!

Қызығушылықты ояту:

Тәрбиеші сұрақ қояды: – Балалар, табиғат деген не?

– Табиғатта бізге не қажет?

– Күн, ауа, су болмаса не болар еді?

(Балалар жауап береді)

1. Әңгімелеу және түсіндіру:

Күн – жарық пен жылу береді. Күн болмаса өсімдіктер өспейді, біз тоңамыз.

Ауа – көрінбейді, бірақ біз оны демаламыз. Ауасыз тіршілік жоқ.

Су – ішуге, жуынуға, өсімдіктер мен жануарларға қажет. Су – тіршілік көзі.

2. Тәжірибе жасау:

Тәжірибе №1: «Ауаның бар екенін дәлелдейік»

– Шарды үрлеу – ауа бар екенін көрсетеді.

Тәжірибе №2: «Судың қасиеті»

– Ыдыстағы суға әр затты салып қарау (батуы, қалқуы).

– Суды шайқау, құю – қозғалысын байқау.

Сергіту сәті:

(Қимыл-қозғалыс арқылы)

> Күн көктен бізге күлімдейді,

Ауа таза – дем ал біз де,

Су сылдырап ағып жатыр,

Табиғатты қорғап жүрейік біз де!

Дидактикалық ойын: «Қайсысы артық?»

Тәрбиеші бірнеше затты атайды:

Мысалы: күн, ауа, су, доп.

– Қайсысы табиғат емес? (Доп)

– Балалар, бүгін біз не туралы білдік?

– Күн, ауа, су не үшін керек?

– Табиғатты қалай қорғау керек?

Бағалау:

Балалардың жауаптарына қарай мадақтау, белсенді қатысқандарға смайлик, жұлдызша тарату.

Үйге тапсырма:

Ата-анамен бірге табиғатқа байланысты сурет салып келу немесе табиғатты қорғау туралы шағын өлең жаттау.

«Алтын бала» №45

Развлечение
«Здравствуй, лето!»



Средняя группа

«Солнышко»

Воспитатели: Суттер Е.В

Жолдаспаева АС

Актобе 2025г

Развлечение в средней группе «Здравствуй, лето!»

Цель: Создать радостное настроение, развивать двигательную активность.

Развитие у детей представлений о лете, на основе ближайшего непосредственного окружения в совместной деятельности со сверстниками.

Задачи:

Доставить радость от развлечения

Закреплять знания о летних явлениях.

Развивать воображение, память, речь и речевую выразительность.

Воспитывать любовь к природе.

Оборудование: фонограмма «Песенка друзей» из м\ф «Бременские музыканты», мяч, фонограмма «Танец пятючка носочек». Фон для конкурсов.

Ход развлечения

ВЕДУЩАЯ. Мы встречаем праздник лета,

Праздник солнца, праздник света!

Приходите в гости к нам,

Рады мы всегда гостям!

Если в небе ходят грозы.

Если травы расцвели,

Если рано утром росы

Гнут травинки до земли.

Если в рощах над калиной

Вплоть до ночи гул пчелиный,

Кто ответит, что же это?

Это значит у нас лето! (дети отвечают хором)

Ребята, кто из вас расскажет стихи о лете?

1 РЕБЕНОК. Лето, лето к нам пришло,

Стало сухо и тепло!

По тропинке прямиком,

Ходят ножки босиком!

2 РЕБЕНОК. Солнце ярко светит,

В воздухе тепло,

И куда ни глянешь

Всё кругом светло!

3

ВЕДУЩАЯ. Праздник мы сейчас откроем,

Чудо – игры здесь устроим.

Повернитесь все друг к другу,

И пожмите руки другу. (Дети жмут друг другу руки).

Руки вверх все поднимите

И вверх пошевелите.

Крикнем весело: «УРА!» (Дети кричат Ура!) Игры начинать пора!!!

Игра «ДА», «НЕТ».

Вы друг другу помогайте,

На вопросы отвечайте

Только «Да» и только «Нет»

Дружно дайте нам ответ:

- Если «нет» вы говорите, - то ногами постучите,
Если говорите «да», - в ладоши хлопайте тогда.

-Травку мы едим в обед

Это правда, дети?... (НЕТ – дети стучат ногами).

- Для козы трава еда?

Отвечайте дружно... (ДА – хлопают в ладоши).

- Ель зеленая всегда?

Отвечаем, дети... (ДА)

-Дождь – замерзшая вода?

Отвечаем дружно... (НЕТ).

- Летний праздник – день веселый? (ДА).

- Вы все любите уколы?... (НЕТ).

ВЕДУЩАЯ. Молодцы, ребята!

Здорово мы поиграли,

Но немножечко устали.

Теперь мы будем отдыхать

И стихи сочинять!

Я начну, а вы кончайте.

Хором. Дружно отвечайте!

1. Игра весёлая - футбол.
Уже забили первый -... гол.
2. А Петя мяч ногою - хлоп!
И угодил мальчишке...в лоб!
3. Хохочет весело мальчишка,
На лбу растёт большая .. шишка!
4. Но парню шишка нипочём.
Бегут опять все за ...мячом!

Ведущая. Хорошо вы умеете, стихи сочинять, а теперь отгадайте загадку:

Он круглый, весёлый, прыгает вскачь,

А зовётся просто... мяч! А вот и мой мяч!

Поиграем в игру «ТЫ КАТИСЬ, ВЕСЁЛЫЙ МЯЧИК!

Ты, катись, весёлый мячик,

Быстро, быстро по рукам.

У кого весёлый мячик,

Тот сейчас станцует нам! (Музыкальный мячик)

Ведущая. Ребята, а что вы знаете о лете? Как, например, называются летние месяцы?

(Июнь, июль, август)

Скажите, а летом снег может идти? А дождь? А почему? (потому, что тепло)

Ребята, а что можно увидеть летом на полянке или на клумбе? (цветы).

Мы сейчас с вами поиграем в игру, которая называется "Собери цветок" («Ромашка»)

А загадки отгадывать вы умеете?

Яркое и доброе,
Светит нам в окошко,
Мы попросили ласково
Нас погрей немножко (солнце)

Для одних он - садовод,
Для других он - полевод
Успеваает везде быть,
Поле, луг и сад полить (дождь)

Домовитая хозяйка –
Пролетает над лужайкой
Похлопочет над цветком
И поделится медком (пчела)

С ветки на тропинку
С травки на былинку
Прыгает пружинка
Зелененька спинка (кузнечик)
И ещё одна загадка:

Твой хвостик я в руке держала,
Ты полетел — я побежала. (Воздушный шар)
Ребята, давайте поиграем с шарами!
Игра "Веселые старты"

Дети делятся на две команды. Каждой команде выдается по воздушному шару. Участник должен допрыгать до поворотного знака и обратно, зажав между ногами шарик, передавая эстафету следующему. Побеждает команда, участники которой первыми закончат соревнование.

Эстафета «Сороконожка»

Разделите детей на команды (в команде может быть от 2-х до бесконечности). Дети становятся друг за другом, шарик зажимается между спиной предыдущего и животом последующего ребенка. Руки опущены вниз. А теперь — пошли! Нужно так пройти 5-7 метров до стула, взять «земляничку» (маленький красный шарик берет первый игрок), обойти стул и вернуться к началу дистанции. Гусеница, которая не рассыплется по дороге, победила!

Дети сегодня прогулка у нас необычная. Мы будем рисовать, но рисовать мы тоже будем не как обычно на бумаге, а рисовать будем мелками на асфальте.

Кто из вас рисовал на асфальте? (ответы детей)

Каждый из вас нарисует то, что желает, что хочет и может нарисовать, но пусть ваши рисунки будут добрые и светлые.

Воспитатель раздает детям разноцветные мелки.

Самостоятельная деятельность детей.

МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

***Тақырыбы: «1 Маусым - Халықаралық
балалар күні »
«Балдәурен» ересек қазақ тобы***

Тәрбиешілер: Нұрқасымова С.Х

Қарақозина М.Ә

Ақтөбе-2025 жыл

Тобы: «Күншуақ» ересек қазақ тобы

Ханша:

Қандай ғажайып әлем! (таң қалып қарайды)

Біз қандай елге келдік, ақылшы періштем?

Періште: Бұл «Балауса» балдырғандар елі.

Бұл елде өте әдемі, ақылды, білімпаз, өнерпаз **балалар** тұрады.

(осы сәтте бір топ бала шығады)

Бакытжамал:

Балалар бақшасында бүгін той!

Балаларды қорғау күні біліп қой

Алақай-ау, алақай

Той тойлайық, балақай

Қызырғанша алақан

Кел, соғайық балақай.

Рамазан

Бейбітшілік әніміз

өнерліміз бәріміз

Қазақстан даласында

Жарасады сәніміз

Балабақша аясында

Жалырайды жанымыз

Батырхан

Бізбен бірге бар әлем

Қуанады балаша

Қуанышқа бөленген

өмір қандай тамаша

Гүлжөктем

Гүлмен келсін келер күн

Бала-бағы бар елдің

Балалардың күлкісі

Көркі, сәні әлемінің

(Бір топ бишілер: «ча-ча-ча» биімен ортаға шығады)

Ханша: Ой, қандай керемет **балалар**, қандай өнерлі **балалар**, қандай әдемі **балалар**.

Періште: Көрдің бе сүйікті ханша менің сізге жаңа ғана айтқаным шындыққа айналғандай. Мен сізге уәде беріп едім ғой, егер сіз тек әділдік пен адалдық жолында жүрсеңіз мен сіздің тілегіңіздің бәрін орындаймын деп.

Міне мен өз уәдемде тұрдым.

(Шайтан: О-О мен сендерді іздеп бар әлемді шарладым ғой. Неге маған айтпай кетіп қалдыңдар а?

Неге айтшы Ханша, мен де сенің досың едім ғой.

Періште: Сен Ханшаны азғырма. Ол тек әділдік пен адалдықты сүйеді. Сенімен дос болғысы келмейді, сен тек жаманшылыққа бастайсың.

Шайтан: Иә, саған мен де Ханшаның досымын.

Өткенде өзеннен алтын балық ұстап алғанда Ханша оны аяп қайтадан өзенге жібере салғысы келді. Ал, мен болсам Ханшаны үгіттеп 3 тілегіңді орындат делім.

1-ші тілегің «Мен әлемдегі ең әдемі ханша болсам» деп айт дедім. Ол тілегі орындалды.

2-тілегің «Мен әлемдегі ең бай Ханша болсам» деп айт дедім. Ол тілегі де орындалды.

3-ші тілекті айтқалы жатқанда сен келіп киліктің Періште білесің бе, есіңе түсті ме?

Періште: Иә, мен кешігіп қалдым. Әйтпесе 3 тілегің де әділдікпен адалдық тек ғана жақсылыққа арнағар едім. Тек соңғы тілекте ғана «Мен әлемдегі өте адал, мейрімді, өнерлі, білімпаз **балалардың** өмірін көріп өзім де солардан өнеге алғым келеді» деген тілек еді. Міне, сол тілек орындалып біз Ханша екеуміз «Балауса» балдырғандар еліне келіп тұрмыз.

Ханша: Сендерге не болған, қойыңдар енді. Маған сөз беретін түрлерің жоқ ғой. Маған Періштенің ақылы ұнады. Өйткені мен осы жасқа келгенше мынадай ғажайып елде болған емеспін. Сондықтан

Шайтан сен бұл ғажайыпты бізбен бірге тамашала! Ойыңды сосын айтарсың.

Шайтан: Құп! Мәртебелі Ханшам Құзырына құлдық.

Жүргізуші: Бүгін бізде мереке, қуанышта **балалар**, хош келдіңдер, хош келдіңдер ата-ана, қонақтар! Құрметті «Балауса» балабақшамыздың көркі де, сәні болған бүлдіршіндеріміз! Бүгінгі төл мерекелеріңіз құтты болсын! Болашақтарыңыз жарқын, аспандарың ашық, елімізді өркендетер келешектің кемеңгері болыңдар демекпін.

Бүгінгі 1-маусым **Балалар** күніне арналған «**Балалардың күлкісі-көркі, сәні әлемнің**» атты мерекелік ертеңгілігімізді ашып беру үшін және мерекелік лебізін білдіру үшін сөзді балабақша меңгерушісі Ұ. Аширбекова мен балабақша ата-ана комитетінің төрайымы Ф. Дәрменоваға береміз.

Жүргізуші: Бүгінгі ертеңгілігімізге «Ертегі әлемінің қонақтары да келіпті, хош келдіңіздер! Төрден орын алыңыздар Құрметті Ханша

менімен бірге бүлдіршіндер өнерін жүргізуге басшылық жасауға қалайсыз? Келісесіз бе?

Ханша: Жарайды, келісемін мен де соны қалап тұр едім

Жүргізуші: Өте тамаша келіңіз менің қасым. Біздің **балаларға** қандай тартуыңыз бар. Мүмкін ән айтып не би билеп берерсіз.

Ханша: Әрине менде құр қол келген жоқпын. Періштем менің әуенімді қосшы.

(«Бала тілегі» әнін орындайды)

Жүргізуші: Өте тамаша, рахмет өнеріңе. Кезекті біздің **балаларға** берейік.

Өнер десе өрілген

Биіктерден көрінген

Бишілерді шақырсақ

«Қара жорға» биімен

«Мектеп алды даярлық» тобы бишілер «қара жорға» биі.

Жүргізуші:

Айдында жүзген аққудай

Айжан қыздың биі-ай

әуеніне қол соғып,

биіне қол соғың-ай.

Зейнелбай Айжанның орындауында «Аққу» биі

Ханша: Келесі кезекте Жұмабек Бақытжамалдың орындауында «Айгөйлек» әні

Жүргізуші: «Орыс биімен» бишілер тобын шақырамыз

Ханша: «Достық» әнімен Бітімбай Қаракатты шақырамыз

Жүргізуші: Енді ортаға «Катюша» биімен бишілерді шақырамыз.

Ханша: Біздің елге қайтатын уақытымыз болды. Бізге рұқсат бересіңдер ме **балалар**? Менің достарым қайда?

(Періште мен Шайтан келеді)

Жүргізуші: жарайды, келіп бізбен бірге мерекені тойлағандарың үшін рахмет! Жолдарыңыз болсын!

Ханша: Сіздің **балаларыңыздан** көп өнеге алдық. Мен енді тек бойыма жақсы қасиеттерді жинауға уәде беремін, осындай ғажайып әлеммен таныстырған Періште досыма көп рахмет.

Періште: Достар хош болыңдар кездескенше күн арайлы болсын!

Шайтан: Мনেде енді жақсы дос болуға уәде етемін, кешіріңдер мені

(Қоштасып үшеуі шығып кетеді)

Жүргізуші: Қане **балалар** жақсы әнімізбен достарымызды шығарып салайық-«Әрқашан күн сөнбесін» әні



№45 « Алтын –бала » бобекжай – балабақшасы

Дене шынықтыру нұсқаушысы:Жумабек Д.К

Мақсаты: Ұлттық ойындар, салт дәстүрлердің бала тәрбиесінде алатын рөлі, өз ұлтының дәстүрін қастерлеуде, ұлттық құндылықтарды үйретуде ата-аналармен бірге ұлттық ойындарды санаға сіңіру. Ұлттық ойындар арқылы оқытудың тиімділігін және қызығушылығын арттыруға болатынына көздерін жеткізу.

Құрал-жабдықтар: таяқша, тақия, теңгелер, белбеу, орамал, асықтар, жебе, арқан

Барысы:

Құрметті ата-аналар, бала бақша қызметкерлері, әріптестер бүгінгі ұлттық ойындар сайысына қош келдіңіздер!

Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын — сауықтардың бір түрі. Қазақ халқы ұлт ойындарына бай халықтардың бірі. Әрбір күзгі, қысқы шаруашылықтың табысты аяқталуынан кейін, сәтті аяқталған аңшылықтан соң немесе ел шетін басып кірген жауынан кек алып, жеңіске жеткенде, ас бергенде халық мерекелері, ойын - сауық өткізген. Сондықтан мерекеге қатынасушылар ұлттық ойынның түр - түріне даярланып, әзірлікпен келіп отырған. Қазақтың ұлттық ойындары: «Көкпар, Күрес, Теңге алу, Қыз куу, Алтын кабақ ату, Жамбы ату» және т. үлкен тәрбиелік маңызға ие болды.

Міне бүгінгі тәрбиелі маңызы бар ұлттық сайысымызға келген ата –аналармен таныс болайық.(Таныстыру) .Әділ қазылар алқасын таныстырып өтейік. Ойын соңында өз бағаларын айтып өтеді.

1 кезең- Белбеу тартыс

2 кезең-«Көтермек»

3 кезең- «Теңге алу»

4 кезең-«Белбеу тартыс»

5 кезең-«Қол күрес»

6-кезең-«Арқан тартыс»

1-кезең

«Белбеу тартыс»

Шарты: Ойынға қатысушылар белбеу ды белдеріне тағып алып сызықтан ойыншыны тартып шығару қажет.

2-кезең

Көтермек

Ортаға екі ойыншы шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.

Белгі бойынша кім біріні бірін- бірі арқада көтеріп алса, сол жеңіске жетеді.

3-кезең- «Теңге алу» (Топтық ойын)

Теңге ілу – бозбалалар мен жігіттердің атпен ойнайтын ойыны. Көбіне қыз ұзатылатын және сүндет тойларының думанында ойналады. Жігіттің атқа мықтылығы, ат үстіндегі самдағай әрекеті, денесін игеріп, билеп алған ептілігі сынға салынады.

Мақсаты: Ойын арқылы жылдамдық пен ептілікке баулу.

Шарты: Ойыншылар бірін-бірі арқалап жердегі шашылған доптарды алып оюды суреттеу қажет

4 кезең-« Кім Мерген»

Мақсаты: Ойын қырағылыққа дәлдікке үйрету

Шарты: Асық ату ойыны

5-кезең : Қол күресу

6-кезең: Арқан тартыс

— Олай болса, құрметті сайысқа қатысушы ата-аналар, балалар, сіздер бүгін өз күш-жігерлеріңізді, шымыр шыныққан екендеріңізді дәлелдедіңіздер

Таңданайық, спортқа тамсанайық,

Бәріміз де қосылып, қол соғайық.

Шабыттансын, көңілдерің көтерілсін,

Сайыскерлерді мадақтап қол соғайық!

— дей келе, сайысымыздың аяқталар сәтіне де келіп жеттік. Олай болса, бүгінгі сайыскер отбасыларды мадақтау үшін сөзді әділқазылар алқасына береміз.

Жеңімпаздарды марапаттау.

(Әділқазылардың ұпайларын тыңдау)

Әділқазылар алқасы қорытындысын жариялап, жеңімпаздарды атайды.
Отбасыларды дипломдармен марапаттап, демеушілер сыйлықтар табыстайды.

Деменіздер, біз өнерді аяп қалды,

Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.

Сау болып тұрыңыздар, кездескенше,

Осымен спорттық сайысымыз аяқталды.

Бүгін алтын уақыттарыңызды киып, отбасылық сайысқа қатысқандарыңыз үшін әрбір отбасыға алғысымызды білдіреміз! Жақсылықта, амандықта жүздескенше!!! Сау болыңыздар

«Алтын бала» №45

Развлечение
«День воды»



Средняя группа

«Солнышко»

Воспитатели: Суттер Е.В

Жолдаспаева АС

Актобе 2025г

«День воды»

Цель:

Формирование у детей осознанного, бережного отношения к воде, воспитание экологического сознания, представления о необходимости сохранения окружающей природы в экологическом равновесии.

Задачи:

Знакомить детей с богатством природы – водой. Систематизировать знания детей о воде, как о самой важной и нужной на планете, необходимой для жизни всего живого на Земле. Формировать у детей знания о значении воды как важного природного ресурса, расширение кругозора детей.

Уточнять представления о том, что вода очень важно для всех живых существ.

Развивать познавательную активность и творческие способности детей.

Воспитывать у детей интерес к изучению объектов окружающего мира.

Ход развлечения:

Под музыку входит воспитатель

- Скажите, кто без воды не может жить?

(люди, растения, животные, птицы)

- Зачем нужна вода растениям и животным (чтобы жить и расти)?

- Что люди делают с водой? (стирают, пьют, купаются, поливают растения)

Молодцы, все правильно - растения надо поливать, иначе они засохнут. А вот, чтобы цветы не засохли, мы их сейчас польем.

Игра – эстафета «Полей цветы»

(Ребенок каждый в своей команде с лейкой должен добежать до клумбы. (тазик перевернутый вверх дном, на нем приклеены кегли) полить цветок, вернуться обратно и передать лейку следующему игроку.

Отгадайте еще одну загадку:

В воде – жива

На суше – мертва (Рыба)

На рыбалку кто-нибудь ходил с родителями?

Сейчас проверю, умеете ли вы ловить рыбу.

Аттракцион «Поймай рыбку»

В тазиках с водой плавают пластмассовые рыбки. Нужно добежать до тазика, подчерпнуть ведерочком рыбку, не трогая ее руками, бросить в ведро, вернуться к тазу и вылить воду из ведерочка. Передать ведерочка другому игроку.

Принцесса Вода: А как могут люди сохранять воду? (Ответы детей)

Отгадайте мои загадки:

Состоит он из морей,

Ну давай, ответь скорей!
Это – не воды стакан
А огромный – **Океан**

Кругом вода, а с питьем беда (**Море**)

Течет, течет... не вытечет...
Бежит, бежит, не выбежит. (**Река**)

Игра-эстафета «Кто больше наберет воду в бутылку»

Ребенок должен набрав воды в стаканчик, добежать до бутылки, через различные препятствия, вылить из стаканчика воду в бутылку и вернуться, передав стаканчик другому ребенку

Ребята, мой дедушка водяной очень любил игры. И сейчас мы с вами поиграем в игру.

Игра «Водяной»

Водяной, Водяной
Что сидишь ты под водой?
Выйди хоть на чуточку,
На одну минуточку
Выйди хоть на целый час,
Все равно не знаешь нас

(дети идут по кругу, говоря эти слова, а ребенок водяной стоит завязанными платком глазами. По окончании слов дети останавливаются, а водяной подходит к любому ребенку и ощупывает его, стараясь угадать кто это)

-ребята, сейчас ко мне должна приехать моя сестра, а вот и она!
Принцесса мыльных пузырей:
Здравствуйте, ребята! Я пришла к вам в гости из сказочной страны. А кто я такая, из какой страны к вам пришла – я скажу после того как вы отгадаете мою загадку.

Кто я, мылу я родня,
Разноцветный, яркий.
Любят выпускать меня
Ребятишки в парке
(Мыльный пузырь)

МКҚК № 45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: «Көңілді достар ойнайды»

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: Көңілді достар ойнайды!

(спорттық ойын - сауық)

Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру. Әр түрлі спорттық ойын түрлерімен танысу, тәсілдерін меңгеру. Балалардың икемділігі мен ептіліктерін, шапшаңдылық қабілеттерін дамыту.

Түрі: Эстафеталық ойын

Көрнекілігі: Үлкен резенке доп, шарлар, доптар, кедергілер, жалаушалар, ысқырық, уақыт өлшеуіш.

Барысы:

Шаттық шеңбер.

Біз бақытты баламыз,

Шыныға да аламыз

Сәулетті елдің көгінде

Шамшырақ болып жанамыз. (иіліп сәлем беру)

- Құрметті ойыншылар, бүгін «**Спортшымыз бәріміз!**» атты эстафеталық жарысымызды бастаймыз. (екі топқа бөлініп тұрады)

Сайысқа қатысатын балалардың кеуделерінде өз белгілері қыстырылған. Алдымен жүргізуші сайыс шарттарымен таныстырады.

Сайысқа қатысушыларымен жеке таныстыру. Әр команданың ұранымен таныстыру.

Ал, сайыскер балалар,

Ешкімің жоқ алалар

«Жеңімпаз» болу үлкен ерлік

Оны әділқазы бағалар.

(әділқазы мүшелерімен таныстыру)

1. _____

2. _____

Жарыстың шарттары:

1. Кім жылдам.

2. «Допты тез жеткізу».

3. «Акробатика».

4. «Кедергілер» сайысы.
 5. «Кім шапшаң?»
 6. «Епті де, жүйрік» сайысы.
- Құрметті сайыскерлер, сіздерге сәт сапар!

Сайысқа қатысушыларымен жеке таныстыру. Әр команданың ұранымен таныстыру.

Ұстанған салауатты өмір салтын,
Жасканып, ешқашан да мойымайтын,
Болашақ спортшылар келді ортаға
Қол соғып қарсы алайық, балалар.

1. Кім жылдам

Ойын шарты : кедергілердәі арасынан жүгіру

2. «Допты тез жеткіз»

Ойын шарты: Допты аяқты арасына қысып жүгіріп келу.

3. «Акробатика»

Ойын шарты: Музыка ыргағымен әр ойыншы құрсаулардан аттап - аттап жүгіріп, орындарына бару.

4. «Кедергілер» сайысы

Ойын шарты: Тактай үстімен тепе - теңдік сақтап өту.

5. «Кім шапшаң?»

Шарты: Обручтан –обручка өту

6. «Епті де, жүйрік» сайысы.

Шарты: Үлкен доп үстіне отырып, орындықты айналып секіріп орнына келу.

- Рахмет, ойыншылар. Барлық жарыс шарттарын орындадық.

Қорытынды бөлім

Көрсетті міне өз өнерін балалар,
Сайыстың да соңы келіп таянар.
Женімпазды анықтайық қанекей,
Әділказы сайысты әділ бағалар.

Сайыс соңында әділказылар алқасы ұпай санын шығарып, қай команданың жеңгенін айтады. Жарыс соңында жеңіске жеткен командаға сыйлықтар тапсырылады. Балаларға арнайы дайындалған алқалар тапсырылады.

Спорт – көркі өмірдің,
Спорт- досың, серігің.
Жаттықсаң шымыр боларсың,

Шыныгы, өсіп, толарсың, - демекші салауатты өмір салтын ұстанып,
спортты серік етейік!

МКҚК № 45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: «Күзгі ойындар»

Спорттық ойын-сауық "Күзгі ойындар"

Үлкен және дайындық топтарының балаларына арналған.

Бағдарламалық жасақтама мазмұны:

1. Қуанышты көңіл-күй қалыптастыру, өзіндік іс-әрекетке деген ұмтылысты қолдау.
2. Шапшаңдықты, шапшаңдықты дамыту, жүгіру, секіру қабілеттерін бекіту.
3. Жарыс элементтерімен ойнау дағдыларын бекіту.
4. Ұжымшылдық пен ізгілікке тәрбиелеу.

Жабдық: 6 дана құрсау, үлкен құрылысшы, құм салынған дорбалар, теннис ракеткалары, көкөністер мен жемістердің муляждары, доғалар, саңырауқұлақтар мен алмалардың суреттері.

Ойын-сауық барысы:

Нұсқаушы. Сәлеметсіздер ме балалар! Біздің спорттық ойын-сауыққа қош келдіңіздер - күзгі егін.

Бүгін біздің залда

Біз сіздерді, достар, жинадық,

Сондықтан біздің күзгі мерекемізде,

Балалардың күлкісі шырылдайды.

Достық бітпес үшін,

Музыка естілуі үшін,

Әндер мен әзілдер айту,

Барлығына жеткілікті болар еді.

Күз өз сыйлықтарына, орман алтынына бай, сыйлықтармен жомарт. Ол үшін біз күздің сұлулығын өлеңдер мен әндерде жақсы көреміз және мадақтаймыз.

Балалар өлең оқиды. Қосымша №1.

Нұсқаушы: Терезенің сыртында салқын және салқын болсын

Жаңбыр жауады, қар жауады

Біздің зал жылы және ыстық болсын

Бұл бізге жылынуға көмектеседі - СПОРТ!

Нұсқаушы: Сіздердің балаларыңыз жаз бойы өсіп, мықты, дені сау және мықты болды. Біздің күзгі ойын-сауыққа қатысуға дайынбыз. Күзде құстар оңтүстікке, аю, кірпі, борсық, жәндіктер қысқы ұйқыға кететінін бәріңіз білесіздер. Ал адамдар еңбек етуде. Ал бүгін бізде әдеттен тыс жарыстар бар, олар күзге байланысты барлық нәрсеге арналған, бұл егін мен көкөністерді жинау.

Сонымен, баршаңызды "Күзгі ойындар" спорттық жарыстарына шақырамын.

Алдымен достық пен мейірімді болу үшін ойын ойнайық:

"Күз келді".

- Жазда ыстық, күзде ... (суық)
- Панамалықтар жазда, күзде киеді (шляпалар)
- Көкөністер көктемде, күзде отырғызылады (жиналады)
- Оқушылар жазда демалады, ал күзде... (мектепке барады)
- Жазда жапырақтары жасыл, ал күзде... (сары, қызыл)
- Көктемде құстар ұшып келеді, ал күзде... (ұшып кетеді)

- Көктемде оянады, күзде... (ұйықтап кетеді)
- Олар жаз кызыл, күз дейді... (алтын)
- Қыста – қар жауады, күзде - шырша (жапырақтың түсуі)

Нұсқаушы: Енді жұмбақты тап:

Ескі қалпаққа өкінбеймін!

Біз таяққа іліп қойдық,

Ал кішкентай көйлек,

Анам іздеп берді.

Ал енді біздің таяқшамыздан,

Қаракүйрықтар мен джекдаулар ұшып кетеді.

Олар бакшада деп ойлайды

Шляпасы бар біреу жүреді.

Бұл бәрін шатастырды,

Бұл біздікі... *(Қорқыт)*

Көңілді әуенмен залға Қорқыныш жүгіреді.

Қорқыт. Сәлеметсіздер ме балалар, қыздар мен ұлдар! Көңіл көтеру үшін сізге келгенім қандай жақсы. Бірақ мен құр қол келген жоқпын, сендерге жұмбақтар дайындадым. **Қосымша №2**

Барлық жұмбақтар шешілді.

Нұсқаушы. Қорқыт, біздің балалар жұмбақтарды жақсы шешіп қана қоймай, қалай ойнауды және жарысуды біледі. Біз сіздерге қызықты және көңілді эстафеталар дайындадық. Балалар тұлыпқа не істей алатынымызды көрсетейік. **Біз екі командаға бөлінеміз.**

1. **"Такси" эстафетасы.** (команданы басқа жаққа тасымалдау үшін).

2. **"Картоп жинау" эстафетасы.** (Үш құрсау – "тесіктер". Бағандағы бірінші бала үш картоп салынған шелек ұстайды. Сигнал бойынша ол жүгіріп, картопты құрсауға – "тесіктерге" отырғызады. Содан кейін ол қайтып келіп, бос шелекті келесі сайыскерлерге береді, ал келесісі жүгіріп, жинайды және т.б.

Нұсқаушы: Біздің бағбандар картоптан, көкөністерден және жемістерден мол өнім жинады, бірақ қиындық барлық көкөністер мен жемістерді араластырды. Оларды сұрыптауға көмектесіңіз.

3. **"Күз сыйлықтары" эстафетасы.** (1-команда алма, 2 – саңырауқұлақ тереді).

4. **"Ұшатын садақ" эстафетасы.** (Балалар кезек-кезек доптарды доп тіректеріне лақтырады.)

5. **"Алып жүр, тастама" эстафетасы** (Доғалардың астына кіріп, құм салынған дорбаны тастамаңыз).

Нұсқаушы: Биылғы егін жақсы дүниеге келді, көкөніс базалары жетіспейді, егінімізді сақтап қалу үшін жаңаларын салу керек.

6. **"Көкөніс базасын құру" эстафетасы**(Әр бала бір текшені алады, ал текшелерден көкөніс негізі тұрады).

7. **"Көкөністер мен жемістерді бөлшектерден" эстафетасы.** (Көкөніс базасында олар бір-бірімен араласып жатыр, оларды бөлшектеу керек. 1 команда көкөністерді, 2 команда жемістерді жинайды).

Нұсқаушы: Күз деп кім айтты қайғылы кез келді ме? Шалшықтарда қуанышпен балалар аттап өтеді. Сары жапырақтар ауада айналады, жаңбырлар әйнекті көңілді қағып жатыр.

8. "Қолшатыр" эстафетасы. (Балалар кезек-кезек қолшатыр астында жүгіреді).

Қорқыт. Әрине, эстафеталар өте көңілді болып шықты. Балалар, менін бақшама оралатын кез келді. Қош бол, балалар!

Қорқыт қашып кетеді

Нұсқаушы: Бүгін бәрі алыс, бүгін бәрі жақсы,

Барлығы жалынмен жарысты,

Барлығы жүлдегер бола берсін.

Сіздер барлық жерде тату-тәтті күрестеріңіз,

Сіздің достығыңыз жеңді.

Қош бол, балалар! Жаңа кездесулерге дейін.

МКҚК № 45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: « Денсаулықты сақтаймыз,
өзімізді баптаймыз »

2024-2025 оқу жылы

Денсаулық күніне арналған «Көңілді эстафеталар» ойын - сауық кеші
Мақсаты: Балалардың көтеріңкі көңіл - күйін туғызу. Балалардың денесін шыңдап күш - қуатын нығайту, шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балаларды ойындар арқылы ақыл - ойының толысып өсуіне ықпал жасау. Жарыс кезінде ойынға қызыға қатысуына жағдай жасау, бір - біріне достық қарым - қатынастарын дамыту.
Денешынықтыру сабақтарына қызығушылығын арттыру. Дене тәрбиесі процестеріндегі сауықтыру міндеттерін жүзеге асыру.

Қажетті құралдар: Зал іші мерекеге сай безендірілген, түрлі - түсті жалаушалар, ұранды сөздер жазылған плакаттар, денсаулыққа байланысты мақал - мәтелдер, эстафеталық заттар, екі топ жетістігін көрсететін сандар.

Музыка ойналып, қыздар ортаға әртүрлі қимылдар жасап, билеп шығады.

Жүргізуші: Құрметті әріптестер, балабақша тәрбиеленушілері және спорт сүйер жанкүйер қауым. Бүгін №7 «Балдырған» балабақшасында тәрбиешілер мен тәрбиеленуші балалардың қатысуымен «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» мақсатында психолог пен дене тәрбиесі жетекшісінің ұйымдастыруымен екі топ арасында мерекелік сауықтыру іс - шарасын өткізгелі отырмыз.

Балаларды салауатты өмір салтына баулу арқылы денсаулығын сақтау, нығайту, денешынықтырудың ролін көтеру. Адам ағзасына зиянды әрекеттерден арылу, аластау. Егеменді еліміздің ертеңгі денсаулығы мықты азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеу біздің міндетіміз.

Міне, бүгін балабақшаның тәрбиешілері мен тәрбиеленушілерінің қатысуымен өткелі отырған «Денсаулығы сәбидің – қуанышы әр үйдің» атты мерекелік сауықтыру іс - шарасын бастауға рұқсат етіңіздер.

Марш ойналып, балалар төрт қатарға бөлініп залға кіреді.

А) Доппен би орындалады;

Б) Лентамен ырғақты қимылды би.

Сайысқа қатысушы екі топты ортаға шақырады.

1. «Намыс» тобы оң иықпен оңға бұрыл

2. «Жігер» тобы сол иықпен солға бұрыл

Әнұран ойналып, еліміздің туы көтеріледі.

Эстафеталық жарыс түрлері:

1. Жалаушаны алып, межені айнала жүгіріп келу

2. Тарелкаға салынған допты құлатып алмай, межені айналып жүгіріп келу
3. Төрт аяқтап жүгіру (екі аяқ, екі қолмен)
4. Балық аулап, себетке тасу
5. Артпен жүгіріп, қайтарда қайтарда жүрелеп жүгіру
6. Түрлі - түсті доптардың ішінен екі команда көк және сары түс доптарды теріп алып келу.
7. Топты екі тізенің арасына қысып жүгіру
8. Арқан тартыс
9. Ойын «Тақия тастау»

Балаларды демалтып, көңілдерін көтеру үшін ән айтылып, би Әділқазылар алқасы жеңімпаз топтарға мадақтау және сыйлықтар тапсырады.

Құрметті қонақтар, спорт жанкүйерлері! Бүгінгі эстафеталық жарысымыз осымен аяқталды. Бүгінгі жарысқа қатысқан бүлдіршіндерге алғысымызды білдіреміз! Алдағы күндері үлкен биіктерден көріне беріңдер! Бүгінгі жеңістерің құтты болсын!

МКҚК № 45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: «Ұлттық ойындар»

2024-2025 оқу жылы

Денсаулық: Дене шынықтыру

Сабақтың тақырыбы: «Ұлттық ойындар»

Сабақтың мақсаты: 1. Ұлттық ойын арқылы балалардың дене бітімінің дұрыс қалыптасуын жетілдіру.

2. Ұлттық ойынға деген қызығушылық сезімдерін дамыту арқылы ептілікке, мергендікке, шапшаңдыққа тапқырлыққа баули тәрбиелеу.

3. Ойын арқылы салт - дәстүрді түсініп қастерлеуге ұлттық құндылықтарды білуге үйрету.

Әдіс – тәсілдер: Ойын, көрсету, әңгімелеу

Керекті құралдар: Бала санына қарай қамшы, теңге, арқан, тақия.

Сабақтың барысы:

1 - бөлім:

Қатармен сап түзеп жүру, аяқтың ұшымен жүру, жәй жүру, өкшемен жүру, жәй жүру, атпен шауып жүру бір қатарға тұру.

1 - 2 санын санау, 2 қатар сапқа тұру.

2 Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығуы (қамшымен)

1. Б. к.: Қамшы төменде, алдында, жоғарыда (6 рет)

2. Б. к.: Аяқ сәл алшак қамшы жоғарыда оңға және солға иілу (6 рет)

3. Б. к.: Домбыра тартып отырып - тұру (6 рет)

4. Б. к.: Қамшыны алдына қойып бір орында секіру (10 рет)

5. Б. к.: Қамшы жоғарыда, бір қол алдында, желіп тұру (6 рет)

6. Б. к.: Қамшы алдында атпен алдыға, артқа желу (6 рет)

3 - бөлім: Сергіту сәті

Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел еседі.

Кіп-кішкентай балалар

Үп-үлкен боп өседі.

4 - бөлім:

Жаттықтырушы: Балалар қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіңдер!

Қазақтың ұлттық ойындары ата бабамыздан бізге жеткен, өткені ол бүгінгісін байланыстырған баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз.

Ендеше балалар бірнеше ұлттық ойын ойнап жаттығайық.

1. «Тақия тастамақ»

Балалар дөңгелек болып отырады. Бір бала

жүргізуші болып тақия тастау керек, екінші бала біліп алып ойынды жалғастыру керек.

2. « Теңге алу» Екі бала жарысып теңге алу керек.

3. « Арқан тарту» Балалар тең 2 - ге бөлініп арқан тартып күш сынасады.

5 бөлім: Қорытындылау.

Жаттықтырушы:

Балалар енді бір қатарға тұрамыз.

Бүгінгі спорттық іс - әрекетке барлығыңызда да өте жақсы қатыстыңыздар.

Қазір мына үстел үстіндегі жасырынған суреттерді бір - бірлеп алып ұлттық ойынның атауларын тауып атап береміз. Ұлттық ойындардың атауларын нақ дәл тауып және өте тамаша ойнадыңыздар.

Оқу іс – әрекетке жақсы қатынастыңдар, сабақ аяқталды сау болайық!

МКҚК № 45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

«Денің сау болсын десең?»

Тақырыбы: «Денің сау болсын десең?»

Білім беру саласы: Денсаулық.

Бөлімі: Дене шынықтыру

Тақырыбы: «Денің сау болсын десең?»

Мақсаты: Жүру, жүгіру, лақтыру, сибектеу, негізгі қимыл түрлерін орындау іскерліктерін жетілдіру. Көз мөлшерлерін дамыту.

Міндеттері: баланың денсаулығын сақтау және дене жаттығуларын жасауға қызығушылықтарын арттыру, қимылдық іскерліктері мен дағдыларын жетілдіру. Төпе – тендік қалпын сақтау іскерліктерін меңгерту, ұйымшылдыққа, шапшандыққа тәрбиелеу.

Қажетті – құралдар: гимнастикалық орындық, күм салынған қапшықтар, орындықтар, массажерлар, Доп

Мотивациялық - қозғаушы

Залға дәрігер кіреді, балалармен амандасады.

Дәрігер: Балалар мен осы топтын балалары ауырмайды деп естідім, олар үнемі таңертенгілік жаттығуларды орындап, күні бойы көтеріңкі көңіл – күйде болады дейді. Сондықтан да мен естігендерімді тексеріп, рас екенін көруге келдім. Сендерің қалай жаттығуларды орындап, ойын ойнап, секіріп – жүгірулерінді қараймын. Ал сонында мен сендерді осы дәрумендерді сыйлаймын. Ал бірақта бастамас бұрын біз сендермен ережелерді еске түсіріп алайық: кедергі жасамаймыз, көмектесеміз

Балалар дәрігермен амандасады.

Сабакка деген қызығушылығы артады.

Іздену - ұйымдастырушы

І – ші бөлім. Кіріспе бөлім

Жалпы сапқа тұру.

Жүру түрлері: жай жүру, жылдам жүру, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, тізені жоғары көтеріп жүру.

Жүгіру түрлері: баяу жүгіру, жылдам жүгіру, қол белде аяқты сермей жүгіру, қол белде аяқты артқа тастай жүгіру, қолды алға созып тізені алақанға тигізіп жүгіру.

II – ші бөлім. Негізгі бөлім.

Жалпы дамыту жаттығулары (орындықпен)

1. Б. к. Орындықта отыру, қолдары төменде. 1-қолдары жан-жақта; 2-жоғары көтеру; 3-жан-жақта; 4-б.к. келу.
2. Б.к. қолдары белде. 1-оңға; 2-солға еңкею;3-саусақтарымен еденге тигізу; 4-б.к. келу.
3. Б.к. аяқтары тізу, қолдары орындықтың арқасында тіреліп тұр.1-оң аяқты көтеру, 2-түсіру; 3-сол аяқты көтеру,4- түсіру.
4. Б.к. орындықтың артынан тұру, өкшелері бірге, бармақтары ашық, қолдарымен орындықтың арқасынан ұстау.1-отыру;2-аяқтарының арасын ашу;3-аяқтарын жабу;4-б.к. келу.
5. Б.к. орындықтың артында тұру.1-қолдары жан-жақта, 2-еңкею,3-саусақтарымен орындықтың отырғышына тигізу;4-б.к. келу.
6. Б.к. орындықтың артында тұру. Екі аяқпен орындықты айнала секіру, жүрумен алмастыру.

Орындықтарды орнына қойып, колоннаға құрылу.

Негізгі қимыл түрлері:

1. Гимнастикалық орындық үстінен еңбектеу.
2. Құм салынған қапшықты себетке лақтыру.

Қимыл – қозғалыс ойын: « допты жеткіз»

Түрлі массажерлардан өту.

Орындықпен

жалпы дамыту жаттығуларын орындайды.

Негізгі қимыл түрлерін орындайды.

Массажерлардан жүреді.

Рефлексивті - коррекциялаушы

III – ші бөлім. Қортынды бөлім

Балалар, сендер барлықтарың шапшаң, белсенді екенсіңдер, жаттығуларды жақсы әрі дұрыс орындауға тырыстыңдар, сондықтан да мен өз сөзімде тұрамын, айтқандай сендерге әкелген дәрумендерді таратып берейін. Келешекте де осындай тату, тіл алғыш болыңдар. Сендермен бірге бір сергіп қалдым. Рахмет сендерге.

Балалардың жауаптары

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Жүру, жүгіру түрлерін меңгереді. Тепе-теңдікті сақтай біледі.

Түсінеді: Ойын шартын түсінеді. Дене шынықтыру сабағының маңыздылығын түсінеді.

Қолданады: Орындықтарды қолданып жалпы дамыту жаттығуларын орындайды, ойынға қажетті атрибуттарды қолданады.

МКҚК № 45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: «Қыс қызықтары»

2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейтіп, қысқы ойындар мазмұнын меңгерту, спорт туралы білімдерін кеңейту, қызығушылықтарын арттыру. Бала денесін ойын арқылы қозғалысқа келтіріп, таза ауада шынықтыру. Іс-әрекетке деген қызығушылығын ойын арқылы қалыптастыру. Салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Қажетті құрал-жабдықтар: Кедергілер, шелектер, шана, күрек, шанғы, хоккей таяқшасы, шайба, аққалаға керекті заттар.

Жүргізуші: Сауығып айдай толасын.

Спортты серік ете біл.

Жақсы азамат боласын.

Жеңімпаз болу оңай ма.

Арман болған талайға?

Болмасаң да ұқсап бақ.

Жарысқа түсіп қалайла.

- Ал, балалар, барлық қонақтармен сәлемдесіп алайық.

Балалар: Сәлем бердік алтын күн,

Сәлем бердік ашық аспан.

Сәлем бердік жер-ана,

Сәлем бердік баршана.

«Әнұран» шырқалады

Жүргізуші: Шанамен зырлап желетін.

Шанғы, коньки тебетін.

Аққала жасап ойнайтын,

Қай мезгіл деп ойлайсың?

Жүргізуші: Намысы бар балапандар қайдасын.

Білген дұрыс бұл спорттың пайдасын- дей отырып «Ақ аю», «Ақ қоян» топтарын ортаға басшыларымен шақырамыз.

Міне, балалар шықты алаңға.

Жас спортшылар жеке-жеке команда

Ал, балалар өздеріңді таныңдар,

Елтілік, мықтылық, батылдық көрсетіп табанды.

«Ура» деген ұранды біз тастаймыз

Жарысымызды ал енді бастаймыз

«Жеңіске жетеміз!» деп

Жалынды ұран тастаймыз

Жүргізуші: Ал сайыскер топтар.

Ешкімнің жоқ алалар.

«Жеңімпаз болу» үлкен сын.

Оны әділқазын бағалар.

Ашық жарқын жүзді.

Әділқазылар біздің

Таңдап баға беруге.

Шақырайық төрге,- деп әділқазылар алқасымен таныстырайық.

Б/б әдіскері:

Б/б психологі:

Б/б мелбикесі:

Топтарымызға сәттілік тілеп, қошемет көрсетейік. (Музыка ойналады) Енді сайыс түрлерімен танысайық.

Жүргізуші: Балалар бүгінгі жарыс 6-кезеңнен тұрады:

1. «Қай топтың шанасы алда»

2. «Хоккейшілер»

3. «Кім етті?»

4. «Шаңғышылар»

5. «Аққала» жасау жарысы

6. «Арқан тартыс»

Жүргізуші: Балалар, ендеше жарысымызды бастаймыз! Дайынсыңдар ма?

Балалар: Біз дайынбыз!

- Ал енді құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәт сапар! Жарысымызды бастаймыз.

Жүргізуші: Шанасына мінеді,

Мәз мейрам боп күледі.

Жарысамыз бәріміз,

Жарасып тұр сәніміз.

I-кезең: «Қай топтың шанасы алда» деп аталады

Ойынның шарты: Әр топқа бір шанадан, оның үстіне бір баланы отырғызып, белгіленген жерден айланып өз орнына барады. Кім бірінші келсе, сол топ жеңіске жетеді.

II-кезең: «Хоккейшілер» деп аталады

Ойынның шарты: Балалар хоккей таяқшасымен шайбаны кедергілер арасынан айналып өтіп, мәреге бірінші келген топ жеңіске жетеді.

III-кезең: «Кім етті?» (Ыдыстан-ыдысқа қалақпен қар тасу)

Ойынның шарты: Балалар ыдыстағы қарды қалақпен кедергілер арасынан жүгіріп, шелекке тасу. Қай топ шелекке көп қар жинаса, сол топ жеңіске жетеді.

Жүргізуші: Жапалақтап ала қар,

Жауды күнде қайталап.

Қырга шықты балалар,

Шаңғыларың арқалап.

IV-кезең: «Шаңғышылар» деп аталады

Ойынның шарты: Балалар шаңғымен кедергілер арасынан жүріп өтіп, мәреге бірінші болып жеткен топ жеңіске жетеді.

Жүргізуші: - Балалар, біз келесі ойынды ойнамас бұрын жұмбақ шешейік, сол жұмбақтың шешуі арқылы келесі ойынымыздың атауын анықтаймыз.

Мұрны сәбіз үп-үшкір

Көзі көмір қап-қара

Көне шелек басында

Сыпырғышы қолында (Аққала)

V-кезең: «Аққала»

Ойынның шарты: Балалар дайын тұрған қардан аққала құрастырады. Оның көзін, мұрнын, аузын жасайды. Басына шелек кигізіп, қолына сыпырғыш ұстатады. Қай топтың балалары бұрын болса, сол топ жеңеді.

VI-кезең: Қазақтың ұлттық ойыны: «Арқан тартыс»

Ойын шарты: Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып келсе, сол топ жеңіске жетеді.

Марапаттау.

Болашақты болжайтын.

Дені таза, тәні таза,

Елін, жерін қорғайтын!

Денсаулық - басты байлық өмірдегі,

Нәр беретін асыл гой көңілдегі.

Салауатты өмір салтын насихаттап,

Атанайық жақсы азамат өмірдегі.

Еліміздің болашағы дені сау азаматтардың қолында. Денсаулықтың кепілі – салауаттылық. «Қыс қызығы» атты спорттық эстафеталық жарысымыз осымен аяқталды. Келіп тамашалағандарыңызға рахмет. Келесі кездескенше, сау болыңыздар!